Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Казахский национальный университет им. аль-Фараби

«ФИЛОЛОГИЯ МЕН ШЕТ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»

атты атты III Халықаралық оқу-әдістемелік
конференциясының материалдар жинағы
26 қаңтар, 2017

Сборник материалов
III Международной конференции

«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ФИЛОЛОГИИ И МЕТОДИКИ ПРЕПОДАВАНИЯ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ: ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»

26 января, 2017

Collected articles of
III International Educational-Methodical Conference

«ACTUAL ISSUES OF PHILOLOGY AND METHODICAL OF TEACHING FOREIGN LANGUAGES: THEORY AND PRACTICE»

26 January, 2017

Алматы, 2017

УДК 811
ББК 81.2
А43
Казахский национальный университет имени аль-Фараби
Научный редактор *Г.Б. Мадиева*
Редакционная коллегия: *Г.Б. Мадиева*
(ответственный редактор), Н.А. Исмайлова,
М.К. Мамбетова, А.З. Кайбулдаева
А43

Актуальные вопросы филологии и методики преподавания иностранных языков: теория и практика: III Международная учебно-методическая конференция (материалы докладов и сообщений) / Науч. ред. Г.Б. Мадиева. – Алматы: 2017. - 165 с.

ISBN 978-601-04-2585-9

Сборник материалов конференции подготовлен на факультете филологии и мировых языков Казахского национального университета имени аль-Фараби.
Все публикации даются в авторской редакции.

УДК 811
ББК 81.2

ISBN 978-601-04-2585-9 © КазНУ им. аль-Фараби, 2017

ҚАЗАҚСТАН ЖОО КӨПТІЛДІ ОҚЫТУДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Куркебаев К.К., Карбозов Е.К.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Мақалада ҚР ЖОО білім беру жүйесінде көптілді білім берудің тиімділігі мен әлеуметтік тіл білімінің кейбір базалық ұғымдарының сипаты талданады.

Елбасы 2008 жылғы «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуы тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» деген болатын. Осыған орай ғылыми тұрғыдағы «көптілділік» ұғымы қоғамдық белсенділікке ие бола бастаған «Үш тұғырлы тіл» идеясымен түсіндіріліп келеді. Алайда социолингвистикалық еңбектерде «үш тұғырлы тіл» термині кездеспейді, ал «көптілділік» терминіне социолингвистика ғылымы тұрғысынан к**өптілділік, мультилингвизм, полилингвизм** – нақтылы коммуникативтік жағдайдың әсер етуімен белгілі бір әлеуметтік ортада, мемлекетте бірден үш, «нақты коммуникативтік жағдайдың әсер етуімен белгілі бір әлеуметтік ортада немесе мемлекетте бірден үш немесе одан да көп тілдердің қарым-қатынас құралы ретінде қызмет етуі» деген анықтама беріледі [1, с.132].

Көптілділік жеке адамның (индивидуумның) көптілдігі немесе ұлт пен ұлыстың көптілділікгі болып бөлінеді. Халықтың өмір сүрген тілдік ортасы, әлеуметтік экономикалық және саяси жағдайы, мәдени өмірі, тұрмыс-тіршілігі секілді көптеген факторлар әсер етуі мүмкін.

Ұлттық құрамы бірыңғай, бір ғана этнос мекендейтін мемлекетте көптілділік сирек кездеседі. Жапония, Корея, Германия, Исландия сияқты мемлекеттерде жеке адамның ғана көптілділігі қолданылса, АҚШ, Ресей Федерациясы, Үндістан, Нигерия сияқты елдерде жүздеген ұлт пен ұлыс мекендейтіндіктен көптілділік құбылысы көрініс тапқан.

Мәселен, Ресейдің Дағыстан автономиялық республикасында 13 тіл болғандықтан көптілділік белгілі дәрежеде ұшырасады. Жаулап алу, халықтардың қоныс аударуы, көрші елдермен тығыз қарым-қатынас секілді тарихи себептер мен факторларға байланысты кейбір халық өкілдерінің жаппай көптілділігі қалыптасқаны белгілі.

Многоязычие, как отмечает Э.Д. Сулейменова, является неоспоримой и существенной характеристикой языковой ситуации Казахстана. Оно создается активным участием в нем казахского, русского, английского и других языков. Казахская, русская и английская языковые компетенции являются естественным отражением потребности практического и профессионального

владения несколькими языками для получения реальных шансов занять в обществе более престижное социальное и профессиональное положение. [2, с.117]
Бүгінгі таңдағы ҚР ЖОО білім беру жүйесінде көптілді білім беру сипаты келесідей жоспарлармен жүзеге асып келеді.
Еліміздің қазіргі заман талабына сай ҚР «Білім туралы» заңының 5-бабында «Барлық оқу орындары мемлекеттік жалпы міндетті стандартқа сәйкес мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білу мен дамытуды, орыс тілі және бір шетел тілін оқып үйренуді қамтамасыз етуге тиіс» деп көрсетілген.
Осыған орай Еліміздің көптеген ЖОО жоғары білікті, бәсекеге қабілетті, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгерген тілдік құзыреттілікке ие, халықаралық білім кеңістігі мен еңбек нарығында, мәдениетаралық коммуникацияға қабілетті де көптілді маман дайындауды мақсат етіп отыр.
ҚР Білім және ғылым министрлігінің статистикалық мәліметтеріне сүйенсек 360 мың күндізгі оқу бөлімінің студенттерінің 1,4 % -ы шет тілінде білім алса, , ал 40, 5 мың адамды құрайтын профессор-оқытушы құрамының 8,3% шет тілінде дәріс жүргізеді.
2011 жылы бакалавриат деңгейінің типтік оқу бағдарламасына «Кәсіби қазақ (орыс) тілі» мен «Кәсіби шет тілі» пәндері енгізіліп, Халықаралық стандарттарға сай тілдерді оқудың деңгейлік моделі жүзеге асырылып келеді.
Бүгінде институционалды және арнайы акредиттеуден ЖОО-ры үш тілде өтіп келеді.
Магистратура, докторантураға түсу үшін ағылшын тілінен, мамандық пәндерін қазақ, орыс тілдерінен емтихан тапсыру арқылы жүзеге асыруда.
ЖОО салалық пәндері бойынша негізгі оқулықтарды қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне аудару, құрастыру мен басып шығару бойынша жүйелі жұмыстарда жүзеге асырылуда.

ҚР ЖОО көптілді білім беру жүйесінің тиімділігі

- *Білім алушылар әлемдік ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқындылығы мен ғаламдық даму үдерістерін бағалай алады;*
- *Білім алушылар өркениет сұраныстарына жауап беретін жаңа ақпарат таратушы инженерлік-компьютерлік технологиялар тілін, саясат, бизнес, экономика тілін, халықаралық қатынастар мен іскерлер тілін игерген полимәдениетті көптілді тұлға ретінде қалыптасады.*
- *Жеке тұлғаның полимәдениеттік және ішкі әлеуетінің мүмкіндіктері ашылады;*
- *Еуропадағы мектеп түлектері мен студенттері сияқты бірнеше тілді еркін меңгерген тілдік құзреттілікке қол жеткізеді;*

- Белгілі бір әлеуметтік топтар үшін (жастар) жоғары еңбекақы мен тұрақты жұмыс орнын сақтап тұру мүмкіндігіне ие.

- Оқу пәндерін екі немесе одан да көптілде аудармасыз оқуға қол жеткізеді;
- Бітірушілер еңбек нарығында, өмірлік қызметте тілдік кедергілерге ұшырамайды;
- Көптілді меңгерген білім алушылар өзгермелі кезеңде еркін әрекеттер жасауға бейім болады;
- Алыс және жақын шетелдерде тілдік көмекті керек етпейді.

ҚР тіл саясатындағы көптілділіктің тиімсіз факторлары

► Социолингвистикалық зерттеулерге сүйенсек, кез келген әлемдік қоғамдық қауымдастықта үш тілдің бірдей бағытта, тең дәрежеде өркендеп дамуы мүмкін емес, көптілділік аясында тілдік теңсіздік пайда болуы әбден мүмкін;
► Тілдің ішкі табиғаты сөз байлығы, лексикалық құрамы, этномәдени болмысы, лингвопоэтикалық қабілеті, коммуникативтік жүйесі мономәдениеттік интеграцияға бейімделуі мүмкін;
► Орта және ортадан жоғары жастағы салалық кәсіби мамандардың біліктілік тәжірибелері мен сапалық деңгейлері ескерусіз қалуы мүмкін;
► Қазақ тілі дәл қазіргі таңдағыдай ғылым салаларындағы аударма тілі қызметін ғана атқаруы мүмкін;
► Өзге ұлт өкілдері білім алушыларының көбінесе орыс, ағылшын тілдерін меңгеру белсенділігінің артуы мүмкін;
► Қазіргі уақыттағыдай түрлі ресми іс-шаралар мен жиналыстарда, басқосуларда көптілділіктің ішінде орыс тілінің белсенді қолданылуы, жазбаша нысандағы іскағаздар мен түрлі қаржылық, экономикалық есеп-қисаптар, келісім-шарттардың осы тілде жүргізілуінің ары қарай өсіп өркендеуі бек мүмкін;
► Қазақстанда болашақта көптілділік жеке адамның (индивидуумның) көптілдігінен жалпыхалықтық көптілділікке ұласуы мүмкін.
► ҚР «Тіл туралы» Заңында «Қазақстанда тұратын басқа да ұлт өкілдері тілдерінің қолданылуына және оларды үйренуге жағдай жасалады» деп көрсетілген. Алайда көптеген жергілікті кіші этникалық топтар ұйғыр, кәріс, тәжік, дүнген, шешен, татар, башқұрт, неміс және т.б тілдерінің ассимлицияға ұшырауы мүмкін.
Еліміздегі көптілділік саясатында қазақ тілін жаһанның жарты әлемі (1,5 милиард) сөйлейтін ағылшын тілімен, жер бетінде 130 миллионға жуық сөйлеушісі бар орыс тілімен бір қатарға қойып бәсекелестіру қисынға келмейді. Сондықтан Қазақстандағы тіл саясатын жоспарлауда **қазақ тілінің өміршеңдігін** арттыратын тетіктерге баса көңіл бөлінуі тиіс.

Әлеуметтік тіл білімінде **«тілдің өміршеңдігі» (витальность языка)** терминінің мәні - ол қандай да бір тілдің қоғам мұқтаждығын атқара алатын қызметі, бәсекелестікке түскендегі өмір сүруге қабілеттілігі, тұрақтылығы, қажеттілігі дегенді білдіреді. Көп жағдайда тілдің өміршеңдігі сол елдегі жүргізіліп отырған тіл саясатының қызметінен туындайды. Әрине, ел өміріндегі қоғамдық-саяси, экономикалық, өркениеттік, жаһандық өзгерістерге басты мән беріліп, ел ішіндегі тілдік ахуал мен тілдік жағдаятқа ғылыми сараптама жүргізілмейтін болса, көптілділік аясында тілдік теңсіздік пайда болуы мүмкін. Демек, жоғарыда аталған қостілділік салдарынан пайда болған кемшіліктердің етене еніп келе жатқан көптілділік жағдайында да қайталанбасына кім кепіл ?

Сондықтан дамыған елдердегі әлемдік тәжірибені үлгі ете отырып, көптілділіктің даму бағыттары мен қоғамдық қызметін, тілдердің бір-біріне тигізетін оң және кері әсерінің шынайы бейнесін саралап, нақты жүргізілген статистикалық мәліметтер мен зерттеулер негізінде қадағалап отыратын социологиялық және әлеуметтік-лингвистикалық зерттеу орталықтарын құрып, оларға ресми мәртебе берілуі тиіс. Екіншіден, белгілі бір кезеңдік мерзімге сәйкес ел ішіндегі тілдік жағдаят пен тілдік ахуалдың шынайы диагнозы сараланып, сол зерттеулердің негізінде тиімді заңнамалық өзгерістер енгізілгені жөн.

ҚР ЖОО көптілді білім беру саясатын жетілдіруге қажетті ұсыныстар:

► *Қазақстандық білім беру жүйесінде көптілді және билингвалды білім берудің халықаралық іс-тәжірибесінде қолданыс тапқан моделдерін енгізу;*

► *ҚР ЖОО мен серіктес шетел жоғары оқу орындарындарының негізінде отандық және шетел мамандарының қатысуымен қарқынды кәсіби-лингвистикалық курстар ұйымдастыру;*

► *ҚР ЖОО тілдерді оқытудың методикалық сапасын әлемдік тіл үйрету стандарттары негізінде дамыта отырып қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің сағат санын арттыру керек;*

► *Шетел жоғары оқу орындарымен бірлескен ғылыми социолингвистикалық сараптама бағдарламаларын жасау;*

► *Тіл үйрету оқу-әдістемелік орталығы, арнайы жабдықталған Ресурс орталықтарымен аудиториялар, аудио және бейне материалдар, оқу бағдарламаларын оқу үдерісінде кеңінен қолданылуды жүзеге асыру;*

► *Орта мектеп пен ЖОО арасындағы көптілділіктің құзыреттіліктік сабақтастығын дамыту;*

► *Профессор-оқытушылар құрамының көптілділік біліктіліктерін көтеретін тиімді оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету және оларға сыйақы жүйесін енгізу ;*

► *Қазақ, орыс, ағылшын тілдері бойынша студенттер мен оқытушылардың халықаралық форумдар мен конференцияларына, студенттік олимпиадаларға қатысу;*
► *Профессор - оқытушылар құрамы үшін шетел жоғары оқу орындарында тілдік тағылымдамалар ұйымдастыру.*
► *Шетелдердегі жетекші ЖОО базасы негізінде ғылыми іс-тәжірибеден өту арқылы университеттің жас педагогикалық кадрларын тілдік қайта даярлаудан өткізу.*
► *Республиканың жетекші университеттеріне шетел тілін жоғары дәрежеде меңгерген және пәндерді үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) жүргізуге дайындалған магистратура, PhD докторантура бітірген мамандарды және «Болашақ» бағдарламасының шәкірттерін оқу үдерісіне жұмылдыру.*

Дүние жүзінің 26 мемлекеті өздерінің білім жүйесінің озық үлгілерімен ерекшеленеді. «Әулиелер мен оқымыстылар аралы» аталған Ирландияда білім беру жүйесі қоғаммен, қоршаған ортамен, өз ортасымен теориялық және практикалық байланыс негізінде жүзеге асырылады екен. Осындай озық модельдерді ҚР ЖОО көптілділік мәселелерімен үйлестіре отырып енгізу орынды болар еді.

Әдебиеттер:

1. Словарь социолингвистических терминов. *(Ответственный редактор : доктор филологических наук В. Ю. Михальченко).* - М ., 2006. 312 с.
2. Сулейменова Э.Д. Языковая ситуация и языковое планирование в Казахстане. - Алматы, Қазақ университеті, 2005. - 343 с.